

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 169 Жарлығы.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі – өзгерістер мен толықтырулар) бекітілсін.

2. Осы Жарлық:

1) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылатын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 3) тармақшасын;

2) Ереженің 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 15-тармағының 9) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 04.07.2018 № 714**

**Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2016 жылғы 11 қаңтардағы  
№ 169 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

**1. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.**

2. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.

3. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

4. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

5. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

6. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкімінде (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 53, 521-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды таныстырудың тәртібі туралы нұсқаулықта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Президентінің атына:

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, жергілікті мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, өңірлік қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне – Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тексеру комиссияларының төрағаларына – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы;

орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың, республикалық шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдардың қызметкерлеріне – осы ұйымдардың басшылары;

орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың бірінші басшыларына, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері мен мәслихаттарының хатшыларына – Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметі ұсынымдар енгізеді.

Наградтауға ұсынылғандардың әрқайсысына ұсыным жеке дайындалады."

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2016 жылғы 11 қаңтардағы  
№ 169 Жарлығымен  
бекітілген өзгерістер  
мен толықтыруларға  
ҚОСЫМША

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.**